

"Әкету кедендік бажы қолданылатын тауарлар тізбесін, мөлшерлемелер көлемін және олардың қолданылу мерзімін және Шикі мұнай мен мұнайдан өндірілген тауарларға әкету кедендік бажы мөлшерлемелерінің көлемін есептеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 17 ақпандағы № 81 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 310-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 28 желтоқсанда № 21932 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Әкету кедендік бажы қолданылатын тауарлар тізбесін, мөлшерлемелер көлемін және олардың қолданылу мерзімін және Шикі мұнай мен мұнайдан өндірілген тауарларға әкету кедендік бажы мөлшерлемелерінің көлемін есептеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 17 ақпандағы № 81 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13217 болып тіркелді, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 25 ақпанда жарияланды) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Әкету кедендік бажы қолданылатын тауарлар тізбесіне, мөлшерлемелер көлеміне және олардың қолданылу мерзіміне:

2. "Шикі мұнай мен мұнайдан өндірілген тауарларға қолданылатын әкету кедендік бажы мөлшерлемелерінің көлемі және олардың қолданылу мерзімі" деген бөлімде.

мына жолдар:

"

2709 00 900 9	Шикі мұнай	Шикі мұнай мен мұнайдан өндірілген тауарларға әкету кедендік бажы мөлшерлемелерінің көлемін есептеу қағидаларына сәйкес	тұрақты
2710 12 110 1, 2710 12 150 1, 2710 12 900 2 қоспағанда 2710 12	Жеңіл дистилляттар мен өнімдер	0	2020 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанға дейін
2710 19 110 0, 2710 19 150 0, 2710 19 210 0, 2710 19 250 0, 2710 19 290 0	Орташа дистилляттар	0	2020 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанға дейін
2710 19 42, 2710 19 460 0	Ауыр дистилляттар : газойлдар	0	2020 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанға дейін

"

мынадай редакцияда жазылсын:

"

2709 00 900 9	Шикі мұнай	Шикі мұнай мен мұнайдан өндірілген тауарларға әкету кедендік бажы мөлшерлемелерінің көлемін есептеу қағидаларына сәйкес	тұрақты
2710 12 110 1, 2710 12 150 1, 2710 12 900 2 қоспағанда 2710 12	Жеңіл дистилляттар мен өнімдер	Шикі мұнай мен мұнайдан өндірілген тауарларға әкету кедендік бажы мөлшерлемелерінің көлемін есептеу қағидаларына сәйкес	2021 жылғы 1 қаңтардан бастап тұрақты
2710 19 110 0, 2710 19 150 0, 2710 19 210 0, 2710 19 250 0, 2710 19 290 0	Орташа дистилляттар	Шикі мұнай мен мұнайдан өндірілген тауарларға әкету кедендік бажы мөлшерлемелерінің көлемін есептеу қағидаларына сәйкес	2021 жылғы 1 қаңтардан бастап тұрақты
2710 19 42, 2710 19 460 0	Ауыр дистилляттар : газойлдар	Шикі мұнай мен мұнайдан өндірілген тауарларға әкету кедендік бажы мөлшерлемелерінің көлемін есептеу қағидаларына сәйкес	2021 жылғы 1 қаңтардан бастап тұрақты

";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Шикі мұнай мен мұнайдан өндірілген тауарларға әкету кедендік бажы мөлшерлемелерінің көлемін есептеу қағидаларында:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Ашық түсті мұнай өнімдеріне әкету кедендік баждарының мөлшерлемелері ағымдағы айға шикі мұнайға әкету кедендік бажының мөлшерлемесін негізге ала отырып, мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\text{ӘКБМ}_a = K * \text{ӘКБ}_{\text{мұнай}},$$

мұнда:

ӘКБМ_a – ашық түсті мұнай өнімдеріне қатысты әкету кедендік бажының мөлшерлемесі;

K – түзету коэффициенті 0,3;

$\text{ӘКБ}_{\text{мұнай}}$ – шикі мұнайға әкету кедендік бажының мөлшерлемесі."

Шикі мұнай мен мұнайдан өндірілген тауарларға әкету кедендік бажы мөлшерлемелерінің көлемін есептеу қағидаларына 1-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сыртқы сауда қызметі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Сауда мен интеграция вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Қазақстан Республикасының
сауда және интеграция министрі

Б. Сұлтанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасының
сауда және интеграция
министрінің
2020 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 310-НҚ Бұйрығына
қосымша
Шикі мұнай мен мұнайдан
өндірілген тауарларға әкету
кедендік бажы
мөлшерлемелерінің
көлемін есептеу қағидаларына
1-қосымша

Шикі мұнайға және ашық түсті мұнай өнімдеріне әкету кедендік бажының мөлшерлемелері

№	Алдыңғы кезеңдегі шикі мұнайдың орташа нарықтық бағасы (ЕАЭО СЭҚ ТН 2709 00 900 9 коды)	Шикі мұнайға әкету кедендік бажының мөлшерлемесі, 1 тоннасына АҚШ доллары	Ашық түсті мұнай өнімдеріне әкету кедендік бажының мөлшерлемесі, 1 тоннасына АҚШ доллары
1.	Барреліне 25 АҚШ долларына дейін	0	0
2.	Барреліне 25-тен бастап 30 АҚШ долларына дейін	10	3
3.	Барреліне 30-дан бастап 35 АҚШ долларына дейін	20	6
4.	Барреліне 35-тен бастап 40 АҚШ долларына дейін	35	10,5
5.	Барреліне 40-тан бастап 45 АҚШ долларына дейін	40	12
6.	Барреліне 45-тен бастап 50 АҚШ долларына дейін	45	13,5

7.	Барреліне 50-ден бастап 55 АҚШ долларына дейін	50	15
8.	Барреліне 55-тен бастап 60 АҚШ долларына дейін	55	16,5
9.	Барреліне 60-тан бастап 65 АҚШ долларына дейін	60	18
10.	Барреліне 65-тен бастап 70 АҚШ долларына дейін	65	19,5
11.	Барреліне 70-тен бастап 75 АҚШ долларына дейін	70	21
12.	Барреліне 75-тен бастап 80 АҚШ долларына дейін	75	22,5
13.	Барреліне 80-нен бастап 85 АҚШ долларына дейін	80	24
14.	Барреліне 85-тен бастап 90 АҚШ долларына дейін	85	25,5
15.	Барреліне 90-нан бастап 95 АҚШ долларына дейін	90	27
16.	Барреліне 95-тен бастап 100 АҚШ долларына дейін	95	28,5
17.	Барреліне 100-ден бастап 105 АҚШ долларына дейін	100	30
18.	Барреліне 105-тен бастап 115 АҚШ долларына дейін	115	34,5
19.	Барреліне 115-тен бастап 125 АҚШ долларына дейін	130	39
20.	Барреліне 125-тен бастап 135 АҚШ долларына дейін	145	43,5
21.	Барреліне 135-тен бастап 145 АҚШ долларына дейін	160	48
22.	Барреліне 145-тен бастап 155 АҚШ долларына дейін	176	52,8
23.	Барреліне 155-тен бастап 165 АҚШ долларына дейін	191	57,3
24.	Барреліне 165-тен бастап 175 АҚШ долларына дейін	206	61,8
25.	Барреліне 175-тен бастап 185 АҚШ долларына дейін	221	66,3
26.	Барреліне 185 АҚШ долларынан бастап және одан жоғары	236	70,8